

Отандық ғылыми кеңесшінің докторант Г.К.Мусаеваның 6D080200 – Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін ұсынылған «Солтүстік Қазақстан аймағында голштин сиырларының өнімділік ұзақтығын арттыру» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына

ПІКІР

Г.К. Мусаеваның докторлық диссертациясының тақырыбы «Солтүстік Қазақстан аймағында голштин сиырларының өнімділік ұзақтығын арттыру» 6D080200 – Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы мамандығына және ауыл шаруашылық ғылымдарының академиялық дәрежесіне сай келеді. Докторлық диссертацияның мазмұны және көлемі әдістемелік нұсқау талаптарына сай, рәсімделуі мен диссертацияны қорғауына қойылатын талаптарға толық жауап береді.

Табынның генетикалық қуатын, яғни керекті үйлесімділікті арттыратын, ұрпақтарына өнімділіктің жоғарғы деңгейі және пайдалы белгілердің тұрақты тұқым қажеттілігін қамтамасыз ететін малдың жеткілікті болуы тұқымасылдандыру ісі үшін өте маңызды.

Сиыр табынында текті малдар қоры аталық іздер арқылы жүзеге асырылады. Егер тұқымдық мал шежіресінде аса бағалы ата тегі неғұрлым жеткілікті болса, соған қарай табынның генетикалық қуаты мол, жоғарғы өнімді келесі буын алу мүмкіндігі сенімді болады. Сондықтан да, докторлық диссертацияның тақырыбы осы өзекті мәселеге арналған, оның мақсаты Солтүстік Қазақстан аймағында голштин тұқымды сиырлардың өнімділік ұзақтығын зерттеу және олардың шаруашылықта пайдалану мерзімін арттыруға ықпал ететін генотиптік және фенотиптік факторларды анықтау болып табылады.

Докторант Мусаева Г.К. алғашқыда зерттеу жұмысына кірісерде негізгі мамандығы мал дәрігері болғандықтан, көптеген қиыншылықтарға тап болды, жүре келе құзыреттілігі эксперименттік-зерттеу жұмыстары арқылы артып, білімділігі мен біліктілігі жоғарылады.

Диссертацияны орындау барысында диссертант шетелдік ғылыми зерттеу лабораторияларында жетілген әдістемелерін (Польша, Белорусия) меңгеріп, соның көмегімен Солтүстік Қазақстан өңірінде голштин сүтті тұқымының қажетті белгілерін (өміршеңдігін, көбейгіштігін) дамыту бағытында көп дайындықтан өтті.

Зерттеу жұмыстарының нәтижелері Қостанай облысындағы Федоров ауданында орналасқан «Бек+» ЖШС-не еңгізілген. Сонымен қатар, аталған кәсіпорынның басшылығымен мақұлданған өндіріске және оқу барысына еңгізу акттары да бар.

Диссертация мәліметтері бойынша 16 ғылыми жұмыс басылымға шыққан, оның ішінде 3 жұмыс Scopus базасына кіретін журналдарда жарияланған. Негізгі материалдар халықаралық ғылыми практикалық

конференцияларында және ҚР БҒМ білім және ғылым саласындағы бақылау Комитетіне ұсынылған журналдарда талқыланып, басылымға шыққан.

Мусаева Г.К. диссертациясы жаңалығының өзектілігі және зерттеу нәтижелері негізінде шыңайылығы, ғылыми және тәжірибелік құндылығы, зерттеулер мен жарияланған мәліметтердің көлемі бойынша докторлық диссертациялар талаптарына сәйкес келеді және қорғауға жіберілуі мүмкін деп тұжырымдаймын, ал Мусаева Гулжан Каленовнаны 6D080200 – Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы мамандығы бойынша ауыл шаруашылығы ғылымдарының доктор PhD ғылыми дәрежесін алуына құқылы.

Ғылыми жетекші,
а.ш.ғ.д., профессор




Д.Найманов

А.Байтұрсынов атындағы
ҚӨУ ғылыми хатшысы



М.Хасанова

Д. Найманов	қойылған
қолын куәландырамын	
Ғылым хатшысы	М. Хасанова
	
Подпись	Д. Найманов
заверяю	
Ученый секретарь	М. Хасанова
	